



Мектеп директоры

А.Ж.Достанова

31

18 2023Ж

Ембі қаласының мектеп жанындағы интернаты бар
№7 ЖББОМ КММ-н ақысыз «Бес асық» үйірмесінің
жұмыс жоспары
2023-2024 оку жылы

Үйірме жетекшісі: Г.С.Асанова

Түсінік хат

Үйірме - бұл сыныптан тыс жұмыстың ең белсенді әрі тиімді формаларының бірі, мұндағы тарау-тақырыптар кеңейіп, терендей оқытылады. Онда оқушылардың қимылды ойын туралы теориялық білімдерін практикамен ұштастыра отырып, теренірек таныстыру, ойын барысында аса ептілікке, ұқыптылыққа, ұжымшылдыққа тәрбиелей отырып, барлық уақытта да төзімділік қабілетін дамытуға көңіл бөлінеді. Ұлттық ойындар көбінесе әр халықтың әлеуметтік – экономикалық жағдайларына, шаруашылық мүмкіншіліктеріне байланысты қалыптасқан. Қазақ халқының ұлттық ойындарының көбі табиғи заттармен ойнауға негізделген. Мал шаруашылығына негізделгендіктен қазақ халқының ұлттық ойындары да осыған икемделеді. Әсіресе, қойды көп өсіргендіктен қой асығымен көп ойналады. Сондықтан асық ойындары ұлттық ойындардың ішінде әріден келе жатқан көнелердің бірі болып табылады. Асық ойыны баланың жастайынан жүйке жүйелерін шындалап, оларды дәлдікке тәрбиелейді. Асық ойыны баланың қимылына тигізер әсері мол. Жалпы, асық ойынының бала психологиясына тигізер әсері аз емес. Асық ойнының кез-келген түрінің ойнау ережесіне мұқият зерделеп қараган адам, оның сан қылыш тактикасына таң қалуы да мүмкін.

Ойын барысында – жүгіру, жүру, иілу, секіру, сақа иіру т.б. жатады. Атауына сай бес асықтан тұрады және осы асықтарды қолдың ептілігімен ұтып аллады, бір түсті бір асық және төрт бірдей түсті асық болуы қажет.

БАҒДАРЛАМА МАЗМҰНЫ

Аптасына 1 сағат. Барлығы – 34 сағат

I. АСЫҚ ТУРАЛЫ ЖАЛПЫ ТҮСІНІК

Теориялық білім (3 сағат)

Кіріспе. Асық тарихына шолу . Асықпен танысу Асық – төрт түлік мал мен қоңыраңын санының орта тұсында орналасқан асық жіліктен алғынады. Оның түрлері көп. Атап айтқанда: Сақа – асықтың үлкен әрі шымыр түрі. Бұл асық жеткен ереккісінен (серкеден) немесе қошқар-текеден алғынады. Кеней – көпшілік ойнауға арналған қарапайым асықтар. Шүкейт – жас майдың асығы. Қойлық – қойдың асығы. Ешкімек – ешкінің асығы. Құлжа – құлжаның асығы. Көктабан – қорғасын құйылған салмақты сақа асық. Топай – сиырдың асығы. Жабай – ірі асықты айтады. Қолқар – арқардың асығы.

II. БЕС АСЫҚ ОЙЫН ТҮРЛЕРІ (20 сағат) Атауына сай бес асықтан тұрады және осы асықтарды қолдың ептілігімен ұтып алады, бір түсті бір асық және төрт бірдей түсті асық болуы қажет. Бес асық ойынының этаптарын үйрету, қолдарын жаттықтыру, бекіту.

III. БЕС АСЫҚ ӘДІС ТӘСІЛДЕРІ (9 сағат) 3.1. Ойлау әдісі. Асық ойнау әдіс – тәсілдері. Асықты иіру . Сақаларды иіру ойыншы асықты жай шашып тастамайды аса ептілікпен иіреді. Асықты қос қолдан немесе бір қолмен иіріп тастайды. Қолды төңкеріп немесе көн киіздің ортасын көздел шиырлата ойыншыға ауыстырады. 3.5. Бес асық ойынының әдіс – тәсілдерін үйрету, жетілдіру, бекіту Ақтық ойындағы жарыс.

IV. АСЫҚТЫҢ ТҮРЛЕРІ (2сағат) Алшы түрі. Тәйкі түрі. Үйрету, жетілдіру, бекіту

Үйірме бағыты: Үлттық ойын түрлері

Тәрбие бағыты:

Бес асық ойынының түрлерін үйрету арқылы эстетикалық, патриоттық, мәдени тәрбие беру.

Мақсаты:

Үлттық бес асық ойынын жандандырып, жоғарғы деңгейде оқушыларды қалыптастыру. Шығармашылық, ізденімпаздық, ойлау қаситтерін дамыту, шыдамдылықтарын арттыру, ұжымдасып жұмыс істеуді қалыптастыру. Бес асық ойынын жоғарғы деңгейде меңгертіп, ойлау стилі мен рухани мәдениеті қалыптасқан, спорт саласында - эстетикалық сауатты тұлға тәрбиелеп, даярлау.

Міндегі:

Мектеп базасында дене тәрбиесі сабагында алған білімдерін шындалап, шеберліктерін қосымша білім беру арқылы әрі қарай дамыту. Оқушының дарынын ашу. Бес асық ойынын жетік менгере алатын тұлға қалыптастыру. Жоспарда бес асық ойынының жүрістері, ойнау деңгейлігі көрсетілген.

Жоспар базалық оқулықтар мен қатар көптеген әдебиеттерден, методикалық журналдардағы қажетті мағұлматтардан жасақталған. Қазіргі ұрпақтың санасынан алыстап бара жатқан бабаларымыздың үлттық ойын түрлерін әсіреле бес асық ойынын жандандыру басты міндег болып табылады.

Спортқа деген қасиет - оқушының бойындағы сана белсенділігі, таным белсенділігі, тума қабілеті. Ол қабілет мектепте сан алуан ғылыми салалардан білім алу арқылы және тәжірибелі ұстаздардың көмегі арқылы ашылады. Бірақ бала бойындағы қабілет, дарындылық қасиетінің тұқым қуалаушылық та болуы мүмкін. Ата - бабаның дарын қасиеті ұрпақтан - ұрпаққа берілетіні - өмір ақиқаты. Дегенмен де, спортқа деген дарын қабілеті өздігінен жетілмейді, оған белгілі бір факторлар ықпал жасайды:

- мектеп өмірі
- мектептегі оқыту мен тәрбие жұмысы
- оқушылар мен мұғалімі арасындағы қарым қатынас
- отбасы жағдайы
- физиологиялық даму үрдісі
- білімнің беру сапасы
- сайыстырға, жастарға қатысу
- баланы үнемі қызықтырып отыру

- жеткен жетістіктері арқылы мадақтап отыру, өз күшіне сендіру

Қай заманда болмасын адамзат баласының алдында тұратын ұлы мақсат мұраттарының ең бастысы өз халқының, өз ұлттының тәжірибесін жалғастыратын ұрпақ тәрбиелеу. Ұлттық ойын түрлері қашан да қамқорлықты, оған асқан жауапкершілікпен қарауды қажететеді. Әсіреке осы ұлттық ойын түрлерін оқыту жайы, оған жастай баулып тәрбиелеу ісі баршамыздың алдымызға байыпты міндеттертартады. Осыған орай, мектептен тыс жұмыс орталығында мектеп оқушыларының ұлттық ойын түрлерінен білімін терендету, толықтыру үшін "Бес асық" үйірмесі енгізілді. "Бес асық" үйірмесінің бағдарламасы жыл бойына 216 сағатқа, аптасына 6 сағат, орта сыныптардың оқушылары үшін жасақталған. Бағдарлама көнеден келе жатырган бес асық ойынын зерттеп, жаңа әдістері қолдана отырып менгерту көзделеді. Сонымен қатар мектепшілік үйірме жұмысына арналған жылына 34 сағат, аптасына 1 сағаттық бағдарлама қарастырылған

Окушы бес асық ойынын ойнау барысында:

- тарихын, тәсілдерін менгереді
- ойлау қабілетін арттырады
- ойынды ойнау барысында жаңа әдістерін қарастырады
- өз ойындарына талдау жасайды
- бір - бірінің жаңа тәсілдерін сыйнай отырып талдайды.

Берілетін білім мен тәрбие және дағды:

- халқымыздың ұлттық ойындарын бойларына сінірту
- ұлттық, патриоттық, эстетикалық тәрбие беру
- жаңа әдіс - тәсілдерді жасауды үйрету
- ойын ережесін сақтай білуге үйрету
- ойын жүрістерін дұрыс орындауға бағыт бағдар беру

Өзектілігі: Қазіргі замандаңы ұлттық ойындардың зияткерлік өнері маңызын түсіну.

Пән аралық байланыс:

дene шынықтыру, математика, физика, сзыу, тарих пәндерімен тығыз байланыста.

Үйірмені ұйымдастыру формасы: Лекция, жарыстар, сайыстарға қатысу. Болжамы: Егер үйірме менгерілсе, онда окушы сауатты, көркем -

эстетикалық біліктілігі дамыған, ойлау қабілеті дамыған ұлттық ойын түрлерін білетінса атты тұлға қалыптасады. Оқушы біліміне қойылатын талаптар Оқушылар білуі тиіс:

- ойын ережелерін сактауды
- бес асық жатыстарының атқаратын қызметтерін
- ұлттық ойын түрлерімен жұмыстана білуі
- ұлттық ойынның ойнау ерекшеліктерін
- ұлттымыздың ойын түрлерін, тарихын білуі тиіс

Оқушылар орындай алуы тиіс:

- ойынның түрлі әдіс тәсілдерін білуі
- атқарылған ойынға талдау жасап, баға беру алуы керек

Күтілетін нәтиже:

Оқыту барысында оқушылар болашақ маман иесі ретінде икемдік, ойынның түрлі әдіс тәсілдерін жетік менгеріп орындай алады және өз жұмыстарын қортындылап, дәлелдеп береді.

- алдымен баланың ұлттық спортқа, бес асық ойнына деген қызығушылығы пайда болады
- ойынға деген бейімділігі мен икемділігі қалыптасады
- ойлау қабілеті артады
- өз идеясы, өзіндік пікірі, көзқарасы қалыптасады
- жаңа әдіс тәсілдерді менгеруде ізденіс пайда болады
- жаңа қабілеттері ашылады
- шеберлік, іскерлік дағдылары шындалады
- кәсіби шеберлігі өседі

Бес асық үйірмесінің тақырыптық жоспары

№	Сабактың тақырыбы	Сағат саны	Күні	
	Теориялық бөлім	3 сағат		
I	Кіріспе. Асық тарихына шолу	1		
	Асықпен танысу	1		
	Бес асық ойыны	1		
II	Бес асық ойын түрлері	20 сағат		
	Бірлік	1		
	Екілік	1		
	Үштік	2		
	Төрттік	2		
	Жалақ	2		
	Алақан	2		
	Төрт бұрыш	2		
	Асық алмастыру	2		
	Үндемес	2		
	Сарт-сұрт	2		
	Қаршу	1		
	Нәби	1		
	Бес асық әдіс тәсілдері	9 сағат		
III	Ойлау әдісі	1		
	Асық ойнау әдіс - тәсілдері	2		
	Асықты иіру	2		
	Сақаларды иіру	2		
	Бес асық ойынының әдіс - тәсілдері	1		
	Ақтық ойындағы жарыс	1		
IV	Асықтың түрлері	2 сағат		
	Алышы түрі	1		
	Тәйкі түрі	1		
	Барлығы	34 сағат		

«Бес асық» үйірмесіне қатысатын оқушылар тізімі

№	Оқушының аты-жөні	Сыныбы	Класс жетекшісі
1	Байзакова Сауле	2 А	Тенисбаева А
2	Сәдібек Әділшат	2 А	
3	Димаш Дилан	2 Б	Уразаева А
4	Бижанова Медина	2 Б	
5	Аманғос Ермұрат	2 Б	
6	Сембаева Әмина	3 А	Куанышева Б
7	Бабатаев Дарын	3 А	
8	Куандық Жұлдызай	3 А	
9	Жасағанберген Ақнұр	3 Б	Аманиязов Д
10	Избасханов Ислам	3 Б	
11	Жетпісбай Еркеш	3 Б	
12	Баймурзина Аяулым	4 Ә	Асанова Г

Үйірме жетекшісі: Г.С.Асанова